

**«6D021300 - Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Аязбаева Сәуле Аязбайқызының «Қазақ тілі журнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Аязбаева Сәуле Аязбайқызының «Қазақ тілі журнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы Ғылымды дамытудың басым бағыттарына сай дайындалған: 1) «Қазақстан – 2050» стратегиясының 4-бөлімінде көрсетілген «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» қағидасымен сабақтасады. 2) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы).
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның аясында орындалмаған.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	

		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бойынша Жоғары ғылыми техникалық комиссияның (ЖҒТК) 2023 – 2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың басым бағытының бірі, Өлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге сәйкес келеді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы).
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған. Ғылыми еңбек, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін акустикалық, артикуляциялық тұрғыдан, эксперименттік тәсілге негіздеп зерттеуімен өзекті. Бұл тіл дыбыстарының физиологиялық және физикалық қасиеттерін айқындауға, сөйлеу үдерістерін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, диссертациялық еңбек қазақ тілі жұрнақтарының үндесімдік және үйлесімдік модельдерін көрсету арқылы тілдің тарихи әрі жүйелі сипатқа ие болып келетін күрделі морфонологиялық құбылысын қарастыруымен маңызды. Жұрнақтардың үндесім-үйлесім модельдері тілдің ішкі заңдылықтарын фоно-морфологиялық деңгейде анықтауға мүмкіндік береді. Яғни жұрнақтардың үндесімі дыбыстық сәйкестікпен шектелмейді, ол – грамматикалық семантиканың үйлесімін де қамтамасыз ететін тетік. Осылайша, С.А.Аязбаеваның зерттеу жұмысы жұрнақтарды түбір морфемамен дыбыстық, морфемдік, мағыналық жақтан бейімделуі тұрғысынан қарастырады, оның қолданбалы жақтан маңыздылығы тілдің дыбыстық және морфемдік жүйесін цифрлық технологиялармен сабақтастыруында болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	Жазу барысында автор тарапынан академиялық жазылым талаптары сақталған. Диссертант С.А.Аязбаева

4.	Ішкі бірлік принципі	2) орташа;	тақырыпты ашатын теорияларға талдау жасап, тұжырымдарды практикалық тұрғыдан негіздеу барысында ой желісінің логикалық сабақтастығын сақтап, стилистикалық, грамматикалық, орфографиялық жақтан сауатты ұсына білген. Бұл зерттеу жұмысының жазылу деңгейін жоғары деп санауға негіз болды.
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Зерттеу жұмысында зат есім, сын есім тудыратын қосымшалар мен етістік жұрнақтарының морфемдік құрамы айқындалып, олардың жүйелік және қызметтік ерекшеліктері лингвистикалық тұрғыдан сараланған. ХХІ ғасыр – цифрлық технологиялар заманы. Заман талабына сай ғылыми зерттеулер жүргізуде және оның нәтижелерін іске жаратуда мүмкіндігінше цифрлық форматқа ауысуы заңды құбылыс. Бұл, бір жағынан, зерттеу жұмыстарын оңтайландыруға септігін тигізсе, екінші жағынан, дәстүрлі жолмен қол жеткізуге қиындық тудыратын мәселелерді шешуге жол ашады. Осы тұрғыдан алғанда, Сәуле Аязбайқызының «Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» тақырыбындағы диссертациясы қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен оның жүйесін, оның ішінде қазақ тілі жұрнақтарының фонеморфологиялық сипатын абстрактылы түрде сипаттап емес, модельдеп беруді көздеуімен құнды. Мұндай аспектіден зерттеудің қажеттілігі бірінші кезекте практикалық жақтан маңызды. Зерттеудің өзектілігі, фонетика саласы тұрғысынан келгенде, сингармония теориясынан туындайтын дыбыс талдаудың ұстанымдарына қатысты фонетикалық шешімдер ұсынуда қажеттілігімен негізделген. Ал жұрнақтардың үндесімдік және үйлесімдік модельдерін айқындау морфемалардың түрлену кезіндегі дыбыстық өзгеріске түсу ерекшеліктерін және оның
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

			себептерін, морфемалар (түбір мен қосымша) тоғысындағы дыбыстық алмасулардың ғылыми негізін көрсетуде маңызды. Мұндай морфонологиялық құбылыстарды зерттеудің қажеттілігі сөз құрамын дұрыс ажырату үшін, грамматикалық жүйені сипаттауда дыбыстық өзгерістердің қандай заңдылықтарды тірек ететіндігін түсіну үшін, сондай-ақ, орфографиялық және орфоэпиялық сауаттылықтың негізін айқындауда өзекті болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация тақырыбы «Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» деп аталады. Тақырыпты ашатын мазмұн үш тараудан тұрады. Қисынға сай қазақ фонетикасы мен морфонологиясының зерттелу кезеңдеріне тоқтала отырып (14-16 бб.), әр кезеңде басым сипатқа ие болып, қол жеткізілген нәтижелер көрсетіледі және соның негізінде диссертация жұмысының өзіндік ерекшелігі көрсетіліп, өзектілігі айқындалады. Тақырыпты ашуға қажет үндесім құбылысы мен қазақ тілі жұрнақтарының буын тұрқын модельдеу мәселесіне қатысты ақпарат беріледі. Тікелей тақырыпқа қатысты мазмұн екінші және үшінші тарауларда сәйкесінше, есімдердің үндесім-үйлесім модельдері және әрекеттекті жұрнақтардың үндесім-үйлесім модельдерін сипаттаудан тұрады. Олардың өзін іштей топтарға саралау арқылы жүйелі беруді назарда ұстайды. Сонымен қатар, қосымша ретінде ұсынылған бөлікте қосымшалар (аффикстер) тіркесімі үлгілерінің көрсетілуі жұмыстың визуалды практикалық сипатына дәлел болады (120-131 бб.).
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты – қазақ тілі жұрнақтарының үндесім/үйлесім түрленім құрамын анықтап, олардың
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	

			көрнекті интерактив сызбасын дайындау. Мақсатқа қол жеткізу үшін қойылған міндеттер: 1) қазақ тіліндегі сингармонизмге қатысты атаулар мен терминдер жүйесін саралап, олардың ғылыми негізін нақтылау; 2) қазақ тілінің үндесім дыбыс құрамын анықтап, олардың артикуляциялық сипаттамасын беру; 3) қазақ тілінің үйлесім дыбыс құрамын анықтап, олардың артикуляциялық анықтамасын беру; 4) қазақ тілі жұрнақ сегменттерінің үндесім-үйлесім құрамын толықтыру; 5) қазақ тілі жұрнақ сегменттерінің үндесім моделін құрастыру. Диссертацияның мазмұнын осы міндеттерді шешу бойынша жасалған талдаулар мен шешімдер құрайды.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері арасында логикалық жағынан байланыс бар. Бірінші тарау іштей төрт бөлімге сараланған. Олар қазақ фонетикасы мен морфонологиясының зерттелу кезеңдері; түбір морфема мен қосымша морфеманың тіркесімі; қазақ тіліндегі үндесім құбылысы және қазақ тіліндегі буын тұрқын модельдеуге арналған. Келесі тарау есімдердің үндесім-үйлесім модельдеріне арналған, іштей заттекті жұрнақ (47-64 бб.) және сынттекті жұрнақтар деп сараланады (76-87 бб.). Ал әрекеттекті жұрнақтардың үндесім-үйлесім модельдері үшінші тарауға негіз болған. Бұл тарауда жұрнақтардың тіркесім реті (87-106 бб.) және функционалды-просодикалық көріністері де қарастырылған (104-111 бб.). Әр тарау өзара логикалық байланысқа құрылып, бірін-бірі толықтырып отырады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп,	Жұмыс авторы Аязбаева Сәуле Аязбайқызы тақырыпқа қатысты бірнеше ғылыми-теориялық тұжырымдарды

		бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	талдай отырып, оларды салыстырып, сыни талдаулар негізінде өзіндік қорытулар жасаған. Мәселен, морфонологиялық зерттеулерге талдау жасай келе, фонологиялық және морфологиялық алмасулардың арақатынасын ашып көрсетеді. Фонологиялық алмасудың негізінен сөйлеуші ұлттық артикуляциялық мүмкіндігіне байланысты қалыптасса, морфонологиялық құбылыстардың артикуляциялық құбылысқа бағынбайтындығы (17-б.); дыбыстың түрленімдерін екіге ажыратып қарауы: үндесім түрленімі және үйлесім түрленімі және олардың өзіндік ерекшеліктерін көрсетуі: үндесім түрленімнің тек буын деңгейінде көрінетіндігін, ал үйлесім түрленімі морфемалар жігінде ғана кездесетіндігін анықтауы (28-б.). Буынға берілген анықтамалар және буынның түрлері туралы А.Байтұрсынұлы, С.Мырзабеков, К.Аханов, Ә.Жүнісбек еңбектеріндегі пайымдауларға тоқталады (33-36 бб.), өзіндік тұжырымдар жасалады. Буынды физиологиялық (артикуляциялық) ұғым санап, тілдегі ең кіші айтылым (жасалым) бірлігі; буын біртұтас айтылатын дыбыс не дыбыстар тобы деп анықталады (37-б.). Буынды ақиқат буын және жалған буын деп екіге ажыратып, сипаттамасын береді (38-б.); қазақ тіліндегі буынның басқы және аяққы дыбыстарының артикуляциялық (жасалым) және перцепциялық (естілім) белгілерінің лингвистикалық мәнге ие екендігі (42-б.). Дыбыстық үйлесім талдауының ғылыми аппаратына тоқталады, талдаулар бар. Мәселен, <i>-лық, -лік (-дық, -дік, -тық, -тік)</i> жұрнағының әуез бірлігінің жасалым (артикуляциялық) және естілім (перцепциялық) сипаттамасы болатынын былайша береді: <i>-лық (дық, -тық)</i> тобының жасалымы кейінді, жоғары, езу болса, естілімі жуан, езулік, әуезді. Ал енді <i>-лық (-лік)</i> тобының
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

			жасалымы тербелімді, естілімі үнді деп, -дық (-дік) тобының жасалымын тербеліңкі, естілімін ұяң, сәйкесінше -тық (-тік) тобының жасалымы тербеліссіз, естілімі қатаң деп анықталған (48-б.). Осылайша, заттекті жұрнақтарды Л (l) тобы, Д (d) тобы және Т (t) топтарына жіктеп, оларды тереңірек талдайды (48- 53 бб.; 54-59 бб.; 59-63 бб.). Әр топтағы үлгінің модельдері интерактивті форматта жасалым белгілері бойынша көрсетіледі.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу жұмысында морфонологиялық талдау үндесім заңдылығы тұрғысынан іске асырылғанда тілдің ішкі құрылымдық заңдылықтары мен дыбыс жүйесінің өзара байланысы айқын көрінетіндігімен негізделген. Бұл қазақ фонетикасының жүйелік ұйымдасуын толық тануға мүмкіндік беріп, тілдің дыбыстық сипатын модельдеуге және зерттеді цифрлық, автоматтандырылған фонетикалық талдау технологияларына бейімдеуге теориялық негізі болады. осы тұрғыдан алғанда, жұмыста қол жеткізілген ғылыми нәтижелер жаңа. Негіздемесі: - қазақ тіліндегі зат есім, сын есім тудыратын және әрекеттекті жұрнақтар құрамының анықталып, жүйесін сипаттауы және сол арқылы тілдің табиғи үндесім жүйесін модельдеуі; - дыбыстардың артикуляциялық сипаттарын жүйелі түрде анықтау негізінде олардың үндесімдік қызметі мен морфемалық деңгейдегі түрлену заңдылықтарының нақтылануы. Бұл орайда зерттеудің қолданбалы сипаты басымдық берудің маңыздылығы негізделеді; - дыбыстардың артикуляциялық және акустикалық белгілеріне талдау жасау арқылы олардың үйлесімділігі мен буындық жүйедегі өзара ықпалының анықталуы. Ал оның визуалды-интерактивті форматта көрсетілуінің маңыздылығы тілдің дыбыстық жүйесін түсіндірудің заманауи тиімді әдісі ретінде негізделеді;
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			- қазақ фонетикасының құрылымдық бірліктерінің жуан-жіңішке, еріндік-езулік жұп болып келуі жұрнақтардың үндесім-үйлесім жүйесін модельдеуде ерекше рөл атқаратындығын анықтауы. Бұл тілдің табиғи сингармониялық икемділігімен түсіндіріледі; - морфемалық тізбектердің фонетикалық үндесімге бағынуы қазақ тілінің табиғи заңдылығы деп танылады.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?		Зерттеу барысында жасалған қорытындылары жаңа болып табылады.
	1) толығымен жаңа;		Бірінші қорытынды – тілдегі аналогия жолымен аталған «сингармология» саласының зерттеу нысаны ретінде тілдің табиғи үндесім жүйесін модельдеудің көрсетілуі. Ал оның оның зерттеу шарттары ретінде үндесімнің мағыналық және құрылымдық заңдылықтарының алынуы десек, мұндағы үндесім дыбыстық және морфонологиялық сипатқа ие болып келеді.
	2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);		Екінші қорытынды тұжырым – дыбыстардың үндесімдік қызметі және олардың морфемалық деңгейдегі түрлену заңдылықтарын нақтылау дыбыстардың артикуляциялық сипаттарының жүйесін анықтау негізінде жүзеге асатындығының дәйектелуі.
	3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).		Үшінші қорытынды – дыбыстардың артикуляциялық және акустикалық белгілерін талдау арқылы шешімін табатын мәселелердің нақтылануы, олар: дыбыстардың үйлесімдік қызметі, буындық жүйедегі өзара ықпалы мен үндестік шегінің айқындалуы.
			Төртінші қорытынды – тілдің табиғи үндесімділік икемділігі қазақ фонетикасында құрылымдық бірліктердің өзара жұбы арқылы көрінетіндіктен дәл осы ерекшелік жұрнақтардың үндесім-үйлесім жүйесін модельдеуде маңызды рөлге ие екендігінің көрсетілуі.
			Бесінші қорытынды – морфемалық тізбектердің фонетикалық үндесімге бағынуы қазақ тілінің табиғи

			заңдылығы ретінде танылуы. Мұндағы жаңашылдық қазақ морфемикасындағы үндесімдік құрылымның интерактив форматта түсіндіруге негіз болатын визуалды моделінің көрсетілуі және оның әдістемелік жағынан тиімділігінің анықталуында.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресерч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	Бірінші тұжырымдағы тілдің табиғи үндесім жүйесін модельдеуге қатысты пайымдауы дәлелді. Ол қазақ тілінің үндесім заңдылықтарын визуалды көрсету және оның ғылыми-практикалық маңызын лингвистикалық талдаулар мен тіл оқыту үдерісіне енгізудің инновациялық қыры ретінде негізделген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Екінші тұжырымда дыбыстардың үндесімдік қызметі мен морфемалық деңгейдегі түрлену заңдылықтарының нақтылануы осы бағыттағы зерттеудердің қолданбалық аспектісі, яғни цифрлық технологияларға бейімдеу арқылы қазақ тілінің функционалдық-инновациялық әлеуетін арттыруға жол ашатындығымен дәйектелген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең.
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	

		7.3 Жаңа ма?	Үшінші, дыбыстардың артикуляциялық құрылымын зерттеу және оны визуалды-интерактивті түрде берудің қажеттілігі (теориясы мен практикасы) қазақ тілінің дыбыстық жүйесін түсіндірудің тиімді әрі заманауи әдісі ретінде сипатталып, бұл – қазақ тілінің үндесім-үйлесім жүйесін қолдану мен меңгертуді жаңа сапалық деңгейге көтеретіндігімен негізделген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең.
		1) ия;	Төртінші тұжырымда жұрнақтардың үндесім-үйлесім жүйесін модельдеудің маңыздылығы ғылыми ақпаратты цифрлық форматта өңдеуді оңтайландыратындығымен дәйектелген. Ал оның алғышарттары лингвистикалық негіздеме екендігі, әрине, түсінікті. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Бесінші, морфемалық тізбектердің үндесімдік-үйлесімдік модельдер жүйесі сингармонизмге қатысты зерттеулердің әдіснамасын заманауи деңгейде көрсетуге мүмкіндік беретіндігімен негізделген. Дәлел ретінде диссертацияда және оның қосымшасында ұсынылған қазақ тіліндегі жұрнақтар тіркесімінің (жаппай тіркесім, жалаң тіркесім, дисс. 120-131 бб.) модельдері және артикуляциялық (жасалым) және перцепциялық (естілім) мысалдарын айтуға болады. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең.
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертанттың жұмыстың әдіснамасын таңдауы – негізді. Жалпы және түркі тіл біліміндегі фонетика пәніне арналған оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдардағы теориялық-практикалық ұстанымдар басшылыққа алынған. Атап айтар болсақ, қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтауға қатысты артикуляциялық жіктелім кестесін жасауда А.Байтұрсынұлы, артикуляциялық атаулар мен буын түрлеріне қатысты Х.Досмұхамбетұлы, қазақ грамматикасы, фонетикасы, алфавит, орфография.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	

		терминология мәселелері бойынша Қ.Жұбанов пайымдаулары және Ж.Аралбаев, М.Жүсіпов, Ә.Жүнісбек, С.Мырзабеков, А.Айғабылов, Н.Уәли, Ж.Абуов, З.Базарбаева, Ж.Назбиев, т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі теориялар басшылыққа алынған. Сонымен қатар, әлемдік лингвистикадағы Н.С.Трубецкой, А.А.Реформатский еңбектері, ал тікелей осы жұмыспен сабақтас І.Оразалин, Ә.Бәйімбетова, Ж.Исаева, А.Молдашева, Ф.Аймырзаев т.б. зерттеулері де диссертант назарында болған.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертация жұмысты жазу барысында зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Мәселен, Python бағдарламасы көрнекі сызба-кестелер арқылы жабдықтау – алынған деректердің визуалды бейнесін жасауда қолданылған; PowerPoint бағдарламасы негізінде түс пен сызба-құрылым арқылы дыбыс тізбегін айқындау – морфемалық үндесімнің визуалды динамикасы көрсетілген.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Теориялық қорытындылар жасауда қолданылған әдіс-тәсілдері негізді. Зерттеуде қазақ тілінің жұрнақ сегменттерін талдауға арналған фонетика-морфологиялық, салыстырмалы-салғастырмалы, сингармологиялық және интерактив-инновациялық модельдеу әдістері кешенді түрде қолданылған. Негізгі әдістер қатарында: фонетика-морфологиялық талдау – жұрнақтардың үндесім мен үйлесім заңдылығына сәйкес түрлену ерекшеліктерін анықтауда қолданылған; Python бағдарламасы көрнекі сызба-кестелер арқылы жабдықтау – алынған деректердің визуалды бейнесін жасауда пайдаланылған; қосымшалардың артикуляциялық

			белгілерін модельдеу – дыбыстардың жасалу орны, тәсілі, дауыс және ерін қатысына қарай жүйелеуде қажеттілікті өтеген. Модельдеу үдерісі екі бағытта жүргізілген: а) сызба (геометриялық) модель – түрлі сызық түрлері (жуан/жіңішке, бүтін/үзік, ұзын/қысқа, түзу/ирек) және түстер арқылы жұрнақтардың үндесімдік сәйкестігін бейнелеу; ә) артикуляциялық модель – қазақ тілі дыбыстарының жасалым үлгілеріне сүйене отырып, олардың тілдің көлденең және тік қалпы, дауыс желбезегінің тербелісі мен ерін қызметі тұрғысынан жіктелуі. Модельдеудің екі түріне де қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық белгілері теориялық және практикалық негіз ретінде алынған. Бұл диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұнын құрайтын 2 және 3 тарауларда кеңінен пайдаланылған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеу жұмысын жазу барысында тақырыпқа қатысты бұрын-соңғы жарияланған ғылыми сенімді еңбектерге, монография, ғылыми мақалалар, конференция материалдарының жарияланымдары талданып, оларға сілтеме берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті, жалпы саны – 145 еңбек. Инфографика бойынша алғанда, 51 сурет, 1 кесте бар.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Жұмыста қол жеткізілген нәтижелер қазақ тілі фонетикасының сингармонизм теориясын толықтырады. Қазақ тілінің морфонология саласына қазақ тілі жұрнақтары сегменттерінің үндесім-үйлесім заңына бағынған құрылымдық жүйесін анықтауы тұрғысынан өзіндік деңгейде үлесін қосады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.

		1) ия;	Практикалық ұсыныстары жаңа болып табылады. Қол жеткізген нәтижелерді лингвистикалық негіздемені қажет ететін цифрлық технологиялар бойынша бағдарламалар жасауда, фонология және морфонология саласындағы оқу құралдарын әзірлеуде, оқыту жүйесін оңтайландыру үшін қазақ тілінің фонетикалық және морфологиялық жүйесін (қосымша морфемалар деңгейінде) оқытудың әдістемесін жасауда, лексикография тәжірибесінде орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктер жасауда, оқу сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуда, сауатты сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мен логопедия саласында пайдалануға болады. Сонымен қатар, практикалық тұрғыдан тіл үйрету мен тіл үйрену сабақтары үшін де маңызды саналады.
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыстың тілі, стилі академиялық жазу талаптарын қанағаттандырады. Жұмыста пайдаланылған сөз орамдары, синтаксистік құрылымдар логикалық сабақтастыққа құрылған. Мазмұнның берілуін қамтамасыз ететін лексикалық бірліктер мен грамматикалық формалардың қолданылуы әдеби тіл нормаларына сәйкес келеді. Орфографиялық және пунктуациялық тұрғыдан сауатты жазылған, техникалық жағынан ресімделуі талапқа сай орындалған.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның мазмұны мен құрылымына қатысты ұсынысымыз: 1) зерттеу жұмысының жаңалығы жалпылама сипатта жазылған, қол жеткізген нәтижелердің ғылыми сипаты анық, толыққанды ашып көрсетілгені дұрыс болар еді (дисс. 10-б.). Мәселен, фонетика және морфонология саласының әр кезеңдегі қол жеткізген жетістіктері бойынша жасалған сараптама-түйін және соның негізінде

			анықталған өзекті мәселелерді жұмыстың нәтижелері ретінде беруге болады (дисс. 13-21 бб.). Немесе: морфонологиялық құбылыстардың артикуляциялық мүмкіндіктерге бағынбайтындығының анықталуы және оның себептерінің көрсетілуі (дисс. 17-б.); 2) қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдерін көрсетуде зат есім тудыратын жұрнақтардан <i>-лық</i> (<i>-лік, -дық, -дік, -тық, -тік</i>), <i>-шы</i> (<i>-ші</i>), <i>-шық</i> (<i>-шік</i>), ал сын есім тудыратын жұрнақтардан <i>-тық</i> (<i>-тік</i>), <i>-сыз</i> (<i>-сіз</i>), етістікке қатысты <i>-ып</i> (<i>-ip, -n</i>), <i>-а</i> (<i>-e</i>) жұрнақтары талдауға алынған. Жұмыста неге осы жұрнақтардың зерттеу нысанына алынғаны, яғни ғылыми негіздемесі көрсетілгені дұрыс болар еді; 3) зерттеу жұмысының 3.2 тараушасы «Жұрнақтардың тіркесім реті» деп аталады, көлемі – 1.5 бет шамасында.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың диссертация мазмұны бойынша жарияланымдарының жалпы саны – он. Скопус базасына кіретін журналдардағы жарияланым саны – 1, халықаралық конференциялар жинағында - 4, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізімге енетін журналдарда 5 мақала жарияланды. Олар: 1. Adapted transcription symbols for Turkic sounds // Journal of Language and Literature, ISSN: 2078-0303, Vol. 7. No. 3. August, 2016. –P. 326-331. 2. Қазақ тілі қосымшаларының морфологиялық вариант жасау моделі // ҚазҰУ Хабаршысы. – Филология сериясы. – Алматы, 2015. – №3 (155). – 330-336 бб. 3. Қазақ тілі жұрнақтарының буын тұрқын моделдеу. ҚазҰУ Хабаршысы. – Филология сериясы. – Алматы, 2016. – № 2/2 (160). – 46-52 бб.

		4. Қазақ тілі қосымшаларының интерактив инновациялық моделдері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Астана, 2017. – №2 (44). – 172-174 бб. 5. Модель формирования морфологических вариантов с помощью аффиксов казахского языка // Жарчысы Вестник. – Бішкек, 2016. – №1. – 111-115 бб. 6. Қазақ тілі біліміндегі қосымшаларды жіктеу мәселесі // «Қазақ тілі коммуникативтік мәдени жүйеде: теориясы мен практикасы» атты халықаралық әдістемелік конференция». – Алматы, 2015. – 3 (155). – 78-80 бб. 7. Проблемы просодологии и сегментологии // «Профессор Ә.Құрышжанұлы және түркі дүниесі Тіл. Тарих. Руханият» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция». – Алматы, 2015. – 292-297 бб. 8. Қазақ тілі жұрнақтарының буын тұрқы // «Қазақ тіл лингвистикалық парадигмалар және лингводидактика» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция». – Алматы, 2016. – 68-76 бб. 9. Заттекті жұрнақ: үндесім-үйлесім модельдері // «Қазақ тілі коммуникативтік мәдени жүйеде: теориясы мен практикасы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конф. материалдары. – Алматы, 2025. – 292-297 бб. 10. Сынтекті жұрнақ: үндесім-үйлесім модельдері // «Тіл және мәдениет контексіндегі құндылықтар жүйесі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 270-274 бб. Жарияланымдар дисертация мазмұнымен сабақтас.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)	«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Аязбаева Сәуле Аязбайқызының «Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері»

		тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы талапқа сай жазылған еңбек деп санаймыз. Диссертациялық жұмыстың авторы Аязбаева Сәуле Аязбайқызы Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.
--	--	--

Ресми рецензент:
филология ғылымдарының докторы
SDU University профессоры

28.11.2025 ЖЫЛ



Жолшаева Майра Сатыбалдиевна

28 қараша 25
Аязбаева С. Философия докторы